

## Көкөзек ауылындағы көшелердің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көкөзек ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 23 қазандағы N 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қарашада N 3562 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 35 бабы 2 тармағына сәйкес, 2014 жылғы 03 қыркүйектегі Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындардың пікірін ескере отырып, Көкөзек ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Көкөзек ауылындағы көшелерінің атаулары өзгертілсін:
  - 1) Ленин көшесі - Абай көшесіне;
  - 2) Краснопартизанская көшесі - Қ.Қайсенов көшесіне;
  - 3) Комсомольская көшесі - Ә.Молдағұлова көшесіне;
  - 4) Школьная көшесі - Б.Момышұлы көшесіне;
  - 5) Колхозная көшесі - Қабанбай батыр көшесіне;
  - 6) Степная көшесі - Қ.Сәтпаев көшесіне;
  - 7) Красноармейская көшесі - М.Мәметова көшесіне;
  - 8) Кусакская көшесі - С.Байжарасов көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы **К.Мерекеноваға** жүктелсін.

3. Шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көкөзек ауылдық округі әкімі

А.Ахметов